

ӘЖК. 371. 3 : 551.4

ГЕОГРАФИЯДАН СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫ ӨТКІЗУ ӘДІСТЕРІ

Г.А.Абдикаримова, Р.А.Абильдаева, Б.Тасболат
М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Мектепте берілетін тәрбие мен білім жетілдірудің қайнар көзі – оқыту әдісін жетілдіру мәселесі. Оқыту технадлогиясы мектепте оқу үрдісіне қажетті әдіс – тәсіл, дидактикалық талап секілді психологиялық – педагогикалық іс - әрекеттердің жүйелі кешенін қалыптастыруды көздейді.

Оқушының білімге құштарлығын дамытып, оны толық игерту үшін сыныптан тыс жұмыстардың маңызы зор. Сыныптан тыс жұмыстар барлық сабақтардан жүргізіледі. Бірақ, әр сабақтың өткізілу ерекшелігі болады. Мұндай жұмыстар жыл бойы жүргізіледі. Жұмысқа барлық оқушылар қатыстырылады. Жұмыс өту барысында әр оқушы өзіне қажетті пайдалы, қызықты жаңа мағұлматтар алады. Сондықтан, сабақтан тыс жұмыстардың мазмұны әр сынып оқушыларының деңгейіне сәйкес құрылуы тиіс. Мұғалім білім деңгейі жоғары оқушыларға әр түрлі тапсырмалар бере алады.

Сыныптан тыс жұмыстарды төмендегідей ұйымдастыруына болады.

1. Әр оқушының білім деңгейін қабілетін, көзқарасын ескере отырып, тапсырмаларды жеке немесе әртүрлі тақырып бойынша беру.
2. Барлық оқушыларға берілетін тапсырмалар бірдей, бірақ орындау әдісі әртүрлі болуы мүмкін.

Жалпы білім беретін маманданған салаларға, оқу тәрбие жұмыстарының сапасын

жоғарлатуға көп көңіл бөлінеді. Осыған байланысты география пәнінен міндетті түрде сабақтан тыс жұмыстар санын, сапасын жетілдіріп отыру қажет.

Оқушы әртүрлі ақпарат көздері арқылы геология, геоморфология, океанология, гляциология, вулканология, картография, топырақтану және тағы басқа да ғылымдармен өздігінен танысады. Оқушыны алыс жерлер, зерттелмеген елдерге саяхат, географ саяхатшылар туралы мәліметтер қызықтырады, олар географиялық ашылулар тарихы жайлы толығырақ білгілері келеді.

Жоғарғы сынып оқушылары экономика, транспорт, әлемдік шаруашылық географиясы, ландшафттану сияқты білімдермен танысады, оны жан – жақты түсінгісі келеді. Оқушылардың географияға деген қызығушылығын қанағаттандырып, тереңдете отырып, мұғалім, білімге құмар баланы сабақтан тыс жұмыстар арқылы еліктіре түседі.

Оқушылардың географиялық зерттеудегі жаңа және ғылыми әдістермен танысуы, әртүрлі құралдармен, аспаптармен жұмыс істеуі, олардың зерттеу және іздену жұмыстарына қызығушылығын туғызады.

География пәнінен сыныптан тыс жұмыстардың негізгі мақсаттары мыналар :

- оқушыларды табиғатты аялауға, оған түсінушілікпен, сүйіспеншілікпен, қарауға үйрету,
- Өз аймағы туралы, оның табиғаты, шаруашылығы, экономикасы, мәдениеті жайлы білімдерін тереңдету,
- Оқушылардың табиғи орта және халық шаруашылығының орналасуы туралы түсінігін дамыту.
- География пәнін оқуға қызығушылығын ояту.

География пәнінен жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстар білім берудің маңызын, мәселесін шешуге көмектеседі, яғни оқушының шығармашылық қабілетін дамытады.

География пәнінен сабақтан тыс жұмыстар жүргізу әдісі төмендегідей болады:

1. Ауызша әдіс (вербальды) : лекция, әңгіме, баяндама, сұхбаттасу. Әдістің бұл тобына мұғалім көмектеседі. Дәрістерді, әңгімелесуді, сұхбаттасуды ғалымдармен, экспедиция қызметкерлерімен, мемлекеттік ұйымдар жұмысшыларымен кездесу ұйымдастыру арқылы өткізуге болады:
2. Практикалық әдіс арқылы топпен немесе жалғыз оқушымен, практикалық сабақ үстінде жүзеге асыруға болады. Оқушы бұл сабақта өздігінен географиялық аспаптар, құралдар, лабораториялық құрал – жабдықтармен жұмыс істеуді, тәжірибелер жасауды, оларды өңдеуден өткізуді, сондай – ақ табиғат қорғау шараларын жүзеге асыруды үйренеді.
3. Бақылау әдісі оқу барысында, табиғат құбылыстары, адамның шаруашылық әрекеттеріне бақылау ретінде пайдалануға болады.
4. Тәжірибелік – эксперименттік әдіс - бақылауға қиын табиғи процестер мен құбылыстарды зерттеу мақсаттарында қолданылады.
Мысалы: шөгінді жыныстардың пайда болуын, орналасуын көрсететін тәжірибелер т. б. Тәжірибені алдын – ала дайындап, оқушылар сыныпта нәтижелерін талқылайды.
5. Конструкциялар мен модельдеу, географиялық құбылыстардың мәнін түсінуге қажет құралдармен аспаптар моделін жасауға мүмкіндік береді.
6. Модульді географиялық объектілер морфологиясын (өзен аңғары, тау жыра) зерттеуде қолданылады және зерттелмеген объект немесе құбылыс жайлы көлемді түсінік береді. Модельдер, сондай – ақ аймақтың экономикасын түсінуге көмектеседі. Олар – географиялық модельдер.
7. Экскурсиялық әдіс, объектіні және құбылысты табиғатта, өндірісте, көрмелерде, мұражайларда көріп тануға мүмкіндік береді.
8. Объектіні оқу әдісі – оқушының өз бетімен жұмыс істеуінде үлкен роль атқарады. Бұл әдіс географиялық объектіні зерттеулердің әртүрлі сатыларында қолданылады, зерттеуге дайындық кезінде, жұмыс барысында, қорытынды жасағанда.
9. Картографиялық әдіс география ғылымында ерекше маңызды, ол арқылы, көптеген есептеулер жүргізіледі.

Сыныптан тыс жұмыстар күнделікті сабақтан өзінің мақсаты, мазмұны, ұйымдастыру түрлері, жүргізілу ерекшелігімен сипатталады.

География пәнінен жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстардың бірнеше түрлері бар. Атап айтсақ: үйірме, секция, географиялық қоғам, географиялық апталық, декада, конференция.

Үйірме – бұл берілген тақырыпқа қызығатын әртүрлі жастағы оқушылардың өз еркімен қатысуымен жүргізіледі. Үйірменің жоспары алдыменен түрлі тақырыптарға жасалынады. Отырыстары аптасына бір рет немесе оданда жиі болады. Үйірмеге пәнге байланысты атау беріледі: «Жасгеограф», «Саяхатшы», «Жас экономгеограф» т. б.

Секция – география үйірмелерінің үлкен бөлігі, өткізілуіне қарай ерекшеленеді. Мысалы, геологиялық, гидрологиялық, геоботаникалық, аймақтық секциялар. Оның негізі географиялық талаптарға сәйкес құрылады. Аймақтық секцияның бірнеше түрлерімен шұғылдануға болады: жаяу, таулы, велосипед, су шаңғысы т. б.

Географиялық қоғам – көпшіліктің қатысуымен ғылыми географиялық білім насихатталады, қарастыратын тақырыптары өте ауқымды талап ететін мәселелер. Географиялық үйірме мен қоғамның арасында үлкен айырмашылық бар. Жүргізілетін жұмыстар іздену, зерттеу бағыттарына негізделген.

Географиялық апталық – сабақтан тыс жұмыстың бір түрі. Ол оқушының географиялық білімін арттыру мақсатында сабақтан кейін аптаның алты күні бойы жүргізіледі. Бұл түрдің ерекшелігі әртүрлі жұмыс түрлеріне оқушыларды қызықтыру, түрлі жаңалықтармен таныстыру, ғалымдардың өмірбаянымен саяхаттарына қызықты әңгімелер баяндау. Оларды түрлі әдістер арқылы жеткізу. Мысалы: географиялық конференция, олимпиада, жарыс ойындары, кештер өткізу. Бұл ойындар әртүрлі жастағы оқушылардың географияға деген танымдық қызығушылығын арттырады.

Географиялық декада – бұл апталық жұмысқа ұқсас, айырмашылығы бір ай көлемінде жүргізіледі. Барлық сынып оқушылары түгел қатыстырылады. Тақырыптар кең ауқымды мәселелерге негізделіп жасалынады. Соңынан қорытындысы шығарылады.

Географиялық конференция – сабақтан тыс жұмыстардың біршама кең көлемді іс – шараларының бірі. Географиялық секцияларға бөлініп өткізіледі. Онда баяндамалар, қабырға газеттері, викториналар, географиялық мазмұндағы кинофильмдер, жеке оқушылармен немесе топпен географиялық кештерді ұйымдастырады.

Сонымен қатар, география пәнінің бағдарламасына сәйкес жыл мезгілдеріне байланысты жұмыстар ұйымдастыруға болады. Күз немесе көктем мезгілдерінде өткізілетін мерекелік шаралар мен оқу экскурсияларын өткізу.

Физикалық география бойынша төменгі сыныптарда – табиғатқа саяхат ұйымдастырылса, экономикалық география бойынша жоғарғы сыныптарда жергілікті өнеркәсіп кешендеріне жүргізіледі. Топсеруен кезінде оқушыларда физикалық, экономикалық географияның негізі болып келетін табиғи құбыстар мен шаруашылық объектілердің нақты елестетулері қалыптасады.

Мұғалім оқушыларды топсеруеннің тақырыбы, жоспарымен таныстырады, оқушыларды топтарға бөліп, басқарушыны сайлайды. Қажетті құрал саймандардың тізімін беріп, жиналатын орнымен, уақытсын келіседі.

Топсеруеннің ұйымдастыруын мынандай жоспар бойынша жүзеге асырады:

1. Әңгімелесу, (табиғатта әңгімені мұғалім жүргізеді, өнеркәсіпте сол жердегі жауапты кеңесші жүргізеді)
2. Топсеруен маршруты бойынша тапсырмаларды орындау.
3. Қорытындысын жасау. Топсеруеннен кейін әрбір оқушы берілген тапсырманы мұғалімге жазбаша түрде есеп береді, тақырыбы, мақсаты, маңызы толығымен ашып көрсетіледі.

Әдебиет

- 1 География және табиғат.-Алматы, 2003.
- 2 Биология, география және химия.-Алматы, 2002.
- 3 Панчешникова Л. М. Применение компьютеров в обучении географии. –М., 1994.
- 4 Методика обучения географии в средней школе. /Под ред.А. Е.Бибик, Т. П.Герасимовой, А. В. Даринского, И. С. Матрусова, Б. П. Б. П. Орлова, А. И. Соловьева. –М., 1975.
- 5 Власов В. А. Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы.-Алматы, 1984.
- 6 Қазақ совет энциклопедиясы. 5 том.

Резюме

В данной статье рассмотрена методика внеклассной работы и приведены её различные примеры.

Summary

In given article the technique of out-of-class work is considered and its various examples are resulted.